Егер жақсару болмаса немесе Сіз нашарлауды сезсеңіз, дәрігермен кеңесуіңіз қажет.

**Диабетон® MR препаратының әсер ету тәсілі**

Гликлазид қандағы глюкоза концентрациясын төмендетеді, ұйқы безінің бета жасушаларымен инсулин секрециясын көтермелейді. Гликлазид ұсақ тамырлар тромбозы қаупін төмендетеді.

**8. Диабетон® MR препаратын қолданар алдында нені білу керек**

**Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- егер Сізде гликлазидке немесе препараттың кез келген басқа компоненттеріне (қосымша парақтың 6-бөлімінде аталған) немесе сульфонилмочевина

туындыларының тобына жататын басқа препараттарға немесе басқа ұқсас препараттарға (сульфаниламидтер) аллергия болса;

- егер Сізде 1 типті қант диабеті болса (инсулинге тәуелді);
- егер Сізде несепте кетон денелері және қант (глюкозаны) анықталса (бұл Сізде диабеттік кетоацидоз бар дегенді білдіруі мүмкін), диабеттік прекома немесе кома;
- егер Сізде бүйрек немесе бауыр функциясының ауыр бұзылуы болса;
- егер Сіз зендік инфекцияларды емдеуге арналған препараттарды (миконазол) қабылдап жүрсеңіз («Басқа препараттар және Диабетон® MR препараты» бөлімін қараңыз);
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз («Жүктілік және бала емізу» бөлімін қараңыз);
- егер сіз 18 жасқа толмаған болсаңыз;
- егер Сізде кейбір қанттар жақпаушылығы болса (лактозы жақпаушылығы, лактаза тапшылығы, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы).

### **Айрықша нұсқаулар мен сақтандыру шаралары**

Диабетон® MR препаратын қабылдар алдында Өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз. Қандағы қанттың (глюкозаның) тиісті деңгейіне жету үшін Сізге дәрігер тағайындаған емдеу режимін сақтау керек. Бұл таблеткаларды үнемі қабылдаудан басқа, диетаны ұстану, жаттығу жасау және қажет болған жағдайда салмақты азайту керек дегенді білдіреді.

*Дәрілік препаратты сақтықпен қабылдаған жөн:*

- егер Сіз егде жастағы пациенттерге қатарында болсаңыз,
- егер Сіз диетаны сақтамасаңыз (тұрақты емес және/немесе теңгерімсіз тамақтану),
- Егер сізде немесе Сіздің туыстарыңызда глюкоза-6-фосфат дегидрогеназа тапшылығы (эритроциттердің аномалиясы) сияқты тұқым қуалайтын ауру болса, онда гликлазидті қабылдаған кезде гемоглобин деңгейінің төмендеуі және эритроциттердің бұзылуы мүмкін (гемолиттік анемия). Диабетон® MR препаратын қолданғанға дейін емдеуші дәрігерге қаралыңыз,
- егер Сізде ауыр жүрек-қантaмыр аурулары болса,
- егер Сізде гипотиреоз байқалса: қалқанша безі гормондардың жеткілікті мөлшері түзілмейтін жай-күй, бұл шаршауды немесе салмақтың жоғарылауын тудыруы мүмкін (қалқанша безі функциясының төмендеуі),
- егер Сізде гипофиз және/немесе бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігі байқалса – гипофиз және/немесе бүйрек үсті бездері гормондардың жеткілікті мөлшері түзілмейтін жай-күй,
- егер Сізде бүйрек немесе бауыр функциясының бұзылуы болса,
- егер Сіз глюкокортикостероидты препараттармен емделіп жүрсеңіз,
- егер Сіз алкогольді теріс пайдалансаңыз.

Гликлазидпен емдеу кезінде қандағы қант (глюкоза) деңгейіне (және мүмкіндігінше-несепте), сондай-ақ гликирленген гемоглобин (HbA1c) деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізу қажет.

Емдеудің алғашқы бірнеше аптасында қандағы (гипогликемия) қант (глюкозы) деңгейінің шамадан тыс төмендеу қаупі артуы мүмкін. Сондықтан аса тиянақты медициналық бақылау қажет.

*Қандағы қант (глюкоза) деңгейінің төмендеуі, яғни гипогликемия келесі жағдайларда дамуы мүмкін:*

- егер Сіз үнемі тамақтанбасаңыз, тамақтануды өткізіп жіберсеңіз немесе ораза ұстайтын болсаңыз,
- егер Сіз дұрыс тамақтанбасаңыз,
- егер Сіз диетаныңды өзгертсеңіз,
- егер Сіз физикалық белсенділікті арттырсаңыз, бұл ретте көмірсулар қабылдауды пропорционалды түрде ұлғайтпасаңыз,
- егер Сіз алкоголь тұтынатын болсаңыз, әсіресе өткізіп алған тамақтанумен үйлесімде,
- егер Сіз бір мезгілде басқа дәрілік препараттарды немесе табиғи текті дәрілерді қабылдап жүрсеңіз,
- егер Сіз гликлазидтің тым көп дозасын қабылдасаңыз,
- егер Сізде белгілі бір гормональді бұзылулар болса (қалқанша безінің, гипофиздің немесе бүйрек үсті безінің дисфункциясы),
- егер Сізде бүйрек немесе бауыр функциясының айтарлықтай төмендеуі байқалса.

Кейбір дәрілік препараттармен бірге қолдану («Басқа препараттар және Диабетон® MR препараты») бөлімін қараңыз).

Қандағы қант (глюкоза) деңгейі төмен болған кезде, Сіз келесі симптомдарды байқауыңыз мүмкін: бас ауыруы, қатты ашығуды сезіну, жүрек айну, құсу, қатты қажу, ұйқының бұзылуы, қозу, озбырлық, зейін қоюдың төмендеуі, реакцияның баяулауы, депрессия, сананың шатасуы, көру және сөйлеу қабілетінің бұзылуы, тремор, сенсорлық бұзылыстар, бас айналу және дәрменсіздік сезімі.

Сондай-ақ, келесі симптомдар байқалуы мүмкін: қатты терлеу, «жабысқақ» тері, үрейлену, жылдам немесе тұрақты емес жүрек қағуы, артериялық қысымның жоғарылауы, көршілес дене бөліктеріне таралуы мүмкін кенеттен болатын кеудедегі қатты ауырсыну (стенокардия).

Егер қандағы қант (глюкоза) төмендей берсе, Сізде сананың шатасуы (сандырақтау), құрысулар, өзін-өзі бақылауды жоғалту, үстірт тыныс алу, жүректің баяу соғуы және естен айырылуы туындауы мүмкін.

Көп жағдайда қандағы қанттың (глюкозаның) төмен деңгейімен байланысты симптомдар қантты (глюкозаны) кез келген түрде қабылдағаннан кейін тез жоғалады (мысалы, глюкоза таблеткалары, қант кесектері, тәтті шырын, тәттілендірілген шай).

Сондықтан Сізде әрқашан өзімен қай түрдегі болсын қант (глюкоза) болуы тиіс (глюкоза таблеткалары, қант кесектері). Қант алмастырғыштардың тиімсіз екенін есте ұстаған жөн. Егер қант (глюкоза) қабылдау көмектеспесе немесе симптомдар қайталанса, емдеуші дәрігеріңізге немесе медициналық мекемеге / жедел жәрдем қызметіне хабарласыңыз.

Кейбір жағдайларда қандағы қанттың (глюкозаның) төмен деңгейімен байланысты симптомдар болмауы, аз байқалуы немесе өте баяу дамуы мүмкін немесе қандағы қант (глюкоза) төмендегенін уақытында түсінбеуіңіз ықтимал. Бұл белгілі бір дәрілік препараттарды (мысалы, орталық жүйке жүйесі мен бета-блокаторларға әсер ететін дәрілер) қабылдайтын егде жастағы пациенттерде болуы мүмкін.

Стресстік жағдайларда (жазатайым оқиға, хирургиялық операция, қызба және т.б.), Сіздің емдеуші дәрігеріңіз сізді инсулин терапиясына уақытша ауыстыруы мүмкін.

*Қандағы қант деңгейінің жоғарылау симптомдары* (гипергликемия) егер гликлазид қандағы қант деңгейін жеткіліксіз төмендетсе, егер Сіз өзіңіздің емдеуші дәрігеріңіз тағайындаған емдеу режимін сақтамаасаңыз, егер Сіз шілтер жапырақты шайқурай препараттарын (*Hypericum perforatum*) қабылдап жүрсеңіз («Басқа препараттар және

Диабетон® MR препараты» бөлімін қараңыз) немесе ерекше стресстік жағдайларда пайда болуы мүмкін. Симптомдарға шөлдеу, жиі несеп шығару, ауыздың құрғауы, қышитын құрғақ тері, тері инфекциясы және жұмыс қабілетінің төмендеуі жатады. Егер бұл симптомдар пайда болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

Қандағы глюкоза деңгейінің өзгеруі (қандағы қанттың төмендеуі немесе жоғарылауы), әсіресе егде жастағы пациенттерде, гликлазидпен және антибиотиктер класына жататын препараттармен (фторхинолондармен) бірлескен емдеу кезінде пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда сіздің дәрігеріңіз қандағы глюкозаны үнемі өлшеудің маңыздылығын еске салуы керек.

Егер сізде немесе Сіздің туыстарыңызда глюкоза-6-фосфат дегидрогеназа тапшылығы (эритроциттердің аномалиясы) сияқты тұқым қуалайтын ауру болса, онда гликлазидті қабылдаған кезде гемоглобин деңгейінің төмендеуі және эритроциттердің бұзылуы мүмкін (гемолиттік анемия). Диабетон® MR препаратын қолданғанға дейін емдеуші дәрігерге қаралыңыз.

Порфириямен ауыратын пациенттерде бірқатар басқа сульфаниламочевина препараттарын қолданғанда порфирияның өршу жағдайлары сипатталған (ағзада порфириндердің немесе порфириндер ізашарларының жинақталуымен тұқым қуалайтын генетикалық бұзылулар).

### **Балалар мен жасөспірімдер**

Диабетон® MR дәрілік препараты 18 жасқа дейінгі адамдарда қолдануға арналмаған. Балалар мен жасөспірімдерде препараттың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректер жоқ.

### **Басқа препараттар және Диабетон® MR препараты**

Емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне не қабылдайтыңызды, жақында не қабылдағаныңызды немесе басқа дәрілік препараттар қабылдауды бастауыңыз мүмкін екенін айтыңыз.

Гликлазидтің қантты төмендететін әсері мынадай дәрілік препараттармен бірге қолданғанда күшеюі мүмкін және қандағы қант (глюкоза) деңгейінің төмендеуі симптомдары байқалуы мүмкін:

- қандағы қантты (глюкозаны) төмендететін басқа препараттар, мысалы, пероральді диабетке қарсы препараттар, глюкагон тәрізді пептид-1 рецепторларының агонистері (ГПП-1 рецепторларының агонистері) немесе инсулин препараттары,
- антибиотиктер (сульфаниламидтер, кларитромицин), жоғары қан қысымын немесе жүрек жеткіліксіздігін емдеуге арналған препараттар (бета-блокаторлар, каптоприл немесе эналаприл сияқты АӨФ тежегіштері),
- зең инфекцияларын емдеуге арналған препараттар (миконазол, флуконазол),
- асқазанның немесе он екі елі ішектің ойық жарасын емдеуге арналған препараттар (H2-рецепторлардың антагонистері),
- депрессияны емдеуге арналған препараттар (моноаминоксидаза тежегіштері),
- ауырсынуды басатын немесе суыққа қарсы препараттар (фенилбутазон, ибупрофен),
- құрамында этанол (спирт) бар препараттар.

Гликлазидтің қантты төмендететін әсері әлсіреуі мүмкін және мынадай дәрілік препараттармен бірге қолданғанда қандағы қант (глюкоза) деңгейінің жоғарылауы байқалуы мүмкін:

- орталық жүйке жүйесінің бұзылуларын емдеуге арналған препараттар (хлорпромазин),

- қабынуды азайтуға арналған препараттар (глюкокортикостероидтар), тетракозактид, бронх пен өкпе патологиясын емдеуге арналған препараттар, акушерияда қолданылатын препараттар,
- демікпені емдеуге арналған немесе босану кезінде пайдаланылатын препараттар (вена ішіне енгізуге арналған сальбутамол, ритодрин, тербуталин),
- сүт безі ауруларын емдеуге арналған препараттар, гинекологияда қолданылатын препараттар (даназол),
- шілтер жапырақты шайқурай препараттары.

#### Ерекше назар аударуды қажет ететін препараттардың біріктірілімі

Диабетон<sup>®</sup> MR препаратын бірге қолданғанда қандағы глюкоза деңгейінің ауытқуы (қандағы қанттың төмен деңгейі және қандағы қанттың жоғары деңгейі) Диабетон<sup>®</sup> MR препаратын және фторхинолондар тобының антибиотиктерін бірге, әсіресе егде жастағы пациенттерде қолданғанда туындауы мүмкін.

Қандағы глюкоза концентрациясын бақылаудың маңыздылығын ескеру қажет.

Диабетон<sup>®</sup> MR препараты қанның ұюын төмендететін дәрілік препараттардың (варфарин) әсерін күшейтуі мүмкін.

Қанның ұюын төмендету үшін препараттардың дозасын түзету қажеттілігін ескеру қажет.

Басқа дәрілік препараттарды қабылдауды бастар алдында өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз. Ауруханаға жатқызылған жағдайда, медицина қызметкерлеріне Диабетон<sup>®</sup> MR препаратын қабылдағаныңызды хабарлаңыз.

#### **Тамақпен, сусындармен және алкогольмен өзара әрекеттесуі**

Диабетон<sup>®</sup> MR препаратын тағаммен және алкогольсіз сусындармен қабылдауға болады. Алкоголь тұтыну ұсынылмайды, өйткені ол қандағы қант (глюкоза) деңгейіне болжамсыз түрде әсер етуі мүмкін.

#### **Жүктілік және бала емізу**

Жүктілік кезінде Диабетон<sup>®</sup> MR препаратын қабылдамаңыз.

Егер сіз жүкті болсаңыз, өзіңізді жүктімін деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз, онда препаратты қолданар алдында Өз емдеуші дәрігеріңізбен мен кеңесіңіз.

Егер сіз бала емізетін болсаңыз, Диабетон<sup>®</sup> MR препаратын қабылдамаңыз.

#### **Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу**

Егер қандағы қант деңгейі тым төмен болса (гипогликемия) немесе тым жоғары болса (гипергликемия) немесе көру қабілетінің бұзылуы осындай жағдайлардың нәтижесінде пайда болса, зейін қою қабілеті мен реакция жылдамдығы бұзылуы мүмкін. Сіз өзіңізге немесе басқаларға қауіп төндіруіңіз мүмкін екенін есте ұстаған жөн (мысалы, автомобиль жүргізу немесе механизмдерді пайдалану кезінде).

Егер Сіз машина жүргізіп, механизмдермен жұмыс істей алсаңыз, дәрігеріңізбен кеңесіңіз:

- Сізде қандағы қанттың төмен деңгейі эпизодтары (гипогликемия) жиі кездеседі,
- қандағы қанттың төмен деңгейін (гипогликемия) білдіретін симптомдар Сізде байқалмайды немесе әлсіз көрінеді.

**Диабетон<sup>®</sup> MR препаратының құрамында лактоза бар**



Егер Сізде кейбір қанттарға төзбеушілік (лактозаға төзбеушілік), лактаза тапшылығы, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы болса, препаратты қабылдағанға дейін емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

## 9. Диабетон® MR препаратын қабылдау

### Ұсынылатын доза

#### Диабетон® MR препаратының қандай дозасын қабылдау керек

Препараттың дозасын емдеуші дәрігер қандағы қант деңгейіне және қажет болған жағдайда несептегі қант деңгейіне байланысты анықтайды.

Сыртқы факторлардың өзгеруі (салмақ жоғалту, өмір салтын өзгерту, стресс) немесе қандағы қант деңгейін бақылауды жақсарту гликлазид дозасын өзгертуді қажет етуі мүмкін.

Диабетон® MR дәрілік препаратының **тәуліктік** дозасы бір қабылдауда 30-120 мг (1/2-2 таблетка) құрауы мүмкін. Гликлазидтің ұсынылатын дозасын ішке, тәулігіне 1 рет, дұрысы таңғы ас кезінде қабылдаған жөн. Таблетканы екі тең дозаға бөлуге болады, сондай-ақ 60 мг таблетка үшін таблетканы бөлуге және тәуліктік дозаны 30 мг (60 мг 1/2 таблетка), сондай-ақ қажет болған жағдайда 90 мг (60 мг 1 және 1/2 таблетка) сияқты қабылдауға болады.

#### Бастапқы доза

Гликлазидтің бастапқы ұсынылатын дозасы (оның ішінде егде жастағы пациенттер үшін  $\geq 65$  жас) - тәулігіне 30 мг (1/2 таблетка). Талапқа сай бақылау жағдайында осы дозадағы гликлазид демеуші ем үшін қолданылуы мүмкін. Қандағы қантты талапқа сай бақыламаған кезде гликлазидтің тәуліктік дозасын дәйекті түрде 60 мг, 90 мг немесе 120 мг дейін арттыруға болады.

80 мг дозадағы құрамында гликлазид бар дәрілік препаратты қабылдаудан Диабетон® MR, модификацияланып босап шығатын 60 мг таблеткалар дәрілік препаратына ауысу  
80 мг дозадағы құрамында гликлазид бар дәрілік препараттың 1 таблеткасы Диабетон® MR модификацияланып босап шығатын таблеткалар дәрілік препаратының 1/2 таблеткасымен ауыстырылуы мүмкін.

Басқа гипогликемиялық дәрілік затты қабылдаудан Диабетон® MR дәрілік препаратына, 60 мг босап шығуы модификацияланған таблеткаларға ауысу

Диабетон® MR модификацияланып босап шығатын 60 мг таблеткалар дәрілік препараты басқа гипогликемиялық дәрілік препаратының орнына қабылдануы мүмкін. Әдетте, бұл ретте өтпелі кезең қажет емес. Бастапқы доза 30 мг болуы керек, содан кейін қан глюкозасының концентрациясына байланысты титрленуі тиіс. Жартылай шығарылу кезеңі ұзақ сульфонилмочевина туындыларын Диабетон® MR дәрілік препаратымен алмастырған кезде екі гипогликемиялық дәрінің аддитивті әсерінен туындаған гипогликемияны болдырмау үшін оларды қабылдауды бірнеше күнге тоқтатуға болады. Диабетон® MR дәрілік препаратының бастапқы дозасы бұл ретте 30 мг (60 мг 1/2 таблетка) құрайды және қажет болған жағдайда емдік әсеріне байланысты одан әрі жоғарылауы мүмкін.

#### Енгізу жолдары және (немесе) тәсілі

Диабетон® MR препараты ішке қабылдауға арналған. Сізге тағайындалған барлық дозаны (жартысын немесе тұтас таблетканы) таңғы ас кезінде сумен іше отырып, бір қабылдауға алыңыз. Таблетканы шайнауға немесе ұнтақтауға болмайды. Таблетканы (-ларды) қабылдағаннан кейін әрдайым тамақтану қажет.

Диабетон® MR препаратымен және метформинмен, альфа-глюкозидаза тежегіштері тобындағы препараттармен немесе инсулин препараттарымен бірлескен емдеу кезінде Сіздің емдеуші дәрігеріңіз әрбір препараттың Сізге жеке сәйкес келетін дозасын жеке таңдайды.

Егер препаратты дәрігердің ұсынымдарына сәйкес қабылдауға қарамастан, Сізде қандағы қант деңгейі жоғары болса, емдеуші дәрігерге қаралған жөн.

### **Егер Сіз Диабетон® MR препаратын қажет болғаннан көп қабылдаған болсаңыз**

Егер сіз Диабетон® MR препаратының мөлшерін қажет болғаннан көп қабылдаған болсаңыз, дереу емдеуші дәрігерге немесе медициналық мекемеге немесе жедел жәрдем қызметіне жүгініңіз. Артық дозалану симптомдары 2-бөлімде сипатталған қандағы қант деңгейінің төмендеу белгілері (гипогликемия) болып табылады. Егер бірден қант (4-тен 6 бөлікке дейін) немесе құрамында қант бар сусындар қабылдасаңыз, симптомдарды жеңілдетуге болады, содан кейін аздап жеңіл тамақ ішу немесе тамақтану керек. Егер пациент ес-түссіз болса, дереу дәрігерге хабарлап, жедел жәрдем шақыру қажет. Егер басқа адам (мысалы, бала) препаратты байқаусызда қабылдаса, дәл осылай жасау керек. Ес-түссіз пациенттерге тамақ немесе сусын беруге болмайды. Төтенше жағдай туындаған кезде алдын ала ақпарат берілген, дәрігерді шақыра алатын адам әрдайым бар екеніне көз жеткізу керек.

### **Егер Сіз Диабетон® MR препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз**

Препаратты күн сайын қабылдау маңызды, өйткені тұрақты емдеу тиімдірек. Препараттың бір және одан да көп тәсілдерін өткізіп алған кезде келесі қабылдауға неғұрлым жоғары дозаны қабылдауға болмайды, әдеттегі дозаны келесі күні қабылдау керек.

### **Егер Сіз Диабетон® MR препаратын қабылдауды тоқтатқан болсаңыз**

Әдетте, қант диабетін емдеу үнемі жүргізілетіндіктен, емдеуші дәрігермен алдын ала талқылаусыз Диабетон® MR препаратын қабылдауды тоқтатпаңыз. Препарат қабылдауды тоқтату қандағы қант (глюкоза) деңгейінің жоғарылауына (гипергликемия) және қант диабетімен байланысты асқинулардың даму қаупін арттыруы мүмкін.

Препаратты қолдану туралы мәселелер болған жағдайда емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

## **10. Ықтимал жағымсыз реакциялар**

Барлық дәрілік препараттар сияқты, Диабетон® MR препараты жағымсыз реакциялар туғызуы мүмкін, бірақ олар барлығында бола бермейді.

### *Қандағы қант деңгейінің төмендеуі*

Анағұрлым жиі кездесетін жағымсыз реакция - қандағы қант деңгейінің төмендеуі (гипогликемия). Симптомдары мен белгілері «Айрықша нұсқаулар және сақтық шаралары» бөлімінде келтірілген. Егер сіз шара қолданбасаңыз, онда бұл симптомдара ұйқышылдық, естен тану және тіпті кома жағдайына дейін ушығуы мүмкін. Егер қандағы қант деңгейінің төмендеу эпизоды ауыр немесе ұзаққа созылса да, қант тұтыну уақытша өтелген күнде де, сіз дереу медициналық көмекке жүгінуіңіз керек.

### *Асқазан-ішек бұзылыстары*

Іштің ауыруы, жүрек айну, құсу, асқазан бұзылысы, диарея және іш қату. Препаратты тамақтану кезінде қабылдау бұл симптомдарды болдырмауға немесе оларды азайтуға мүмкіндік береді.

#### *Тері және тері асты шелі тарапынан бұзылулар*

Тері бөртпесі, қызару, қышыну, есекжем, күлдіреуік, ангионевроздық ісіну (тыныс алудың қиындауына әкелуі мүмкін қабақ, бет, ерін, ауыз, тіл немесе тамақ тіндерінің тез ісінуі) сияқты тері реакциялары туралы хабарланды. Тері бөртпесі күлдіреуік немесе терінің қабыршықтануына дейін дамуы мүмкін.

Егер сізде осы белгілер пайда болса, препарат қабылдауды тоқтатыңыз, шұғыл медициналық көмекке жүгініңіз және Диабетон® MR қабылдағаныңызды хабарлаңыз.

Ерекше жағдайларда аса жоғары сезімталдықтың ауыр реакциялары (DRESS-синдром) дамуы туралы хабарланды: бастапқыда тұмауға ұқсас симптомдар түрінде пайда болады, содан кейін – жоғары температура болатын жайылған бөртпе.

Мұндай жағымсыз реакциялар туындаған кезде Диабетон® MR дәрілік препаратын қабылдауды тоқтатыңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз және осы препаратты қабылдағаныңызды хабарлаңыз.

#### *Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар*

Қандағы жасушалар санының төмендегені туралы хабарланды (мысалы, тромбоциттер, эритроциттер және лейкоциттер), бұл бозаруға, қан кету уақытының ұлғаюына, қан кетуге, тамақтың ауыруына және қызбаға әкелуі мүмкін. Әдетте, бұл симптомдар емдеуді тоқтатқан кезде жоғалады.

#### *Бауыр функциясының бұзылуы*

Бауыр функциясының бұзылуы және терінің және көздің сарғаюына әкелетін «бауыр» ферменттерінің жоғарылауы туралы жеке хабарламалар болды. Егер Сізде осындай бұзылулар болса, дереу дәрігерге хабарласыңыз. Симптомдар әдетте препаратты тоқтатқаннан кейін жоғалады. Емдеуді тоқтату-тоқтатпау туралы шешімді сіздің емдеуші дәрігеріңіз қабылдайды.

#### *Көру қабілетінің бұзылуы*

Диабетон® MR препараты, әсіресе емдеудің басында, көрудің қысқа мерзімді өткінші бұзылуын тудыруы мүмкін. Бұл құбылыс қандағы қант (глюкоза) деңгейінің өзгеруімен байланысты.

#### *Басқа жағымсыз реакциялар:*

Сульфонилмочевинаның басқа туындыларына келетін болсақ, келесі жағымсыз құбылыстар байқалды: қантамырлар жақтауларының аллергиялық қабынуы, қандағы натрий мөлшерінің төмендеуі ( гипонатриемия), «бауыр» ферменттерінің жоғарылауы және бауыр функциясының бұзылуы (мысалы, холестаз, сарғаю) және гепатит, олар көп жағдайда сульфонилмочевина препараттарын қабылдау тоқтатылғаннан кейін жоғалып кеткен, бірақ жекелеген жағдайларда өмірге қауіпті бауыр функциясының бұзылуына әкелуі мүмкін.

#### **Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама**

Егер Сізде жағымсыз реакциялар болса, дәрігермен кеңесіңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақта аталмаған реакцияларға қолданылады.

Сіз сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік

препараттарға жағымсыз реакциялар (эсерлер) жөніндегі ақпараттық дерекқорға мемлекеттердің хабарламалар жүйесі арқылы тікелей жағымсыз реакциялар туралы хабарлай аласыз. Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

#### **Ресей Федерациясы**

109012, Мәскеу қ., Славянская площадь, 4 үй,  
1 құр.

Денсаулық сақтау саласындағы федералды  
қадағалау қызметі (Росздравнадзор)

Тел.: +7 (499) 578 06 70, +7 (499) 587 02 20

Факс: +7 (495) 698 15 73

Эл. пошта: [npr@roszdravnadzor.gov.ru](mailto:npr@roszdravnadzor.gov.ru)

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

#### **Қазақстан Республикасы**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Байқоңыр ауд., А.  
Иманов к-сі, 13, «Нұрсәулет 2» БО

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрлігі Медициналық және  
фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік  
заттар мен

мен медициналық бұйымдарды сараптау  
ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (717) 278 99 11

Эл. пошта: [farm@dari.kz](mailto:farm@dari.kz)

<http://www.ndda.kz>

#### **Қырғыз Республикасы**

720044, Бішкек қ., 3-Линия к-сі, 25

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау  
министрлігі жанындағы Дәрілік заттар мен  
медициналық бұйымдар департаменті

Тел.: +996 (312) 21 92 78

Эл. пошта: [dlsmi@pharm.kg](mailto:dlsmi@pharm.kg)

<http://pharm.kg>

#### **Армения Республикасы**

0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/4

«Академик Э. Габриелян ат. дәрілер мен  
медициналық технологияларды сараптау  
ғылыми орталығы» АОЗТ

Тел.: (+374 60) 83-00-73, (+374 10) 23-08-96,  
(+374 10) 23-16-82

Дәрілер қауіпсіздігі мониторинг бөлімінің  
жедел желісі: +374 (10) 20 05 05, +374 (96) 22  
05 05

Эл. пошта: [admin@pharm.am](mailto:admin@pharm.am),

[vigilance@pharm.am](mailto:vigilance@pharm.am)

<http://pharm.am>

#### **Беларусь Республикасы**

220037, Минск қ., Товарищеский түйық көш.,  
үй 2а

«Денсаулық сақтаудағы сараптама және сынақ  
орталығы» УП

Тел.: +375 (17) 231 85 14

Факс.: +375 (17) 252 53 58

Фармакологиялық қадағалау бөлімінің  
телефоны: + 375 (17) 242 00 29

Эл. пошта: [rcpl@rceth.by](mailto:rcpl@rceth.by), [rceth@rceth.by](mailto:rceth@rceth.by)

<http://www.rceth.by>

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз дәрілік препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

### **11. Диабетон® MR препаратын сақтау**

Препаратты балалардың қолы жетпейтін, олар оны көре алмайтын жерде сақтаңыз.

Картон қорапшасында және әр блистерде көрсетілген жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін препаратты қабылдамаңыз. Жарамдылық мерзімінің өтетін күні көрсетілген айдың соңғы күні болып табылады.

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препаратты кәрізге немесе тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен енді Сізге қажет болмайтын препаратты қалай утилизациялау керектігін нақтылы біліп алыңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

## **12. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер**

### **Диабетон® MR препаратының құрамында:**

Әсер етуші заты гликлазид болып табылады. Модификацияланып босап шығатын әрбір таблетканың құрамында 60 мг гликлазид бар.

Қосымша заттар: лактоза моногидраты, мальтодекстрин, гипромеллоза 100ср, магний стеараты, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы.

### **Диабетон® MR препаратының сыртқы түрі және оның қаптамасының ішіндегісі**

Ақ, екі беті дөңес, екі жағында кертігі мен «DIA» «60» өрнегі бар сопақша таблеткалар.

*Лаборатории Сервье Индастри, Франция өндірісі кезінде:*

30 таблеткадан ПВХ/Ал жасалған блистерде. 1 немесе 2 блистерден медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

*Лаборатории Сервье Индастри, Франция өндірісі және «СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей орауы (қаптауы) кезінде:*

30 таблеткадан ПВХ/Ал жасалған блистерде. 1 немесе 2 блистерден медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

14 таблеткадан ПВХ/Ал жасалған блистерде. 2 блистерден медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

15 таблеткадан ПВХ/Ал жасалған блистерде. 2 немесе 4 блистерден медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

*«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ өндірісі кезінде, Ресей:*

14 таблеткадан ПВХ/Ал жасалған блистерде. 2 блистерден медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

15 таблеткадан ПВХ/Ал жасалған блистерде. 2 немесе 4 блистерден медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

Қаптамалардың барлық өлшемдері сату үшін қолжетімді болмауы мүмкін.

### **Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

Лаборатории Сервье, Франция /Les Laboratoires Servier, France

92284 Франция, Сюрен Седекс, Карно к-сі, 50 /50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

### **Өндірушілер:**

1. Лаборатории Сервье Индастри, Франция /Les Laboratoires Servier Industrie, France  
905, Саран тас жолы, 45520 Жиди, Франция/905, route de Saran, 45520 Gidy, France

2. «СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей

108828, Мәскеу қ., Краснопахорское кенті, 158 квартал, 2 иелік, 1 құр.

*Тұтынушылардың барлық сұрақтарын тіркеу куәлігі ұстаушысының өкіліне жіберу керек*

**Ресей Федерациясы**

«Сервье» АҚ  
Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная к-сі, 7  
үй, 7/8/9 қабат  
Тел.: +7 (495) 937 07 00  
Факс: +7 (495) 937 07 01

**Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы**

«Сервье Қазақстан» ЖШС  
Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғ.,  
310Г  
Тел.: +7 (727) 386 76 62

**Беларусь Республикасы**

"Les Laboratoires Servier" УАҚ (Француз  
Республикасы) Беларусь Республикасындағы  
өкілдігі  
Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников к-сі,  
70, 303 кеңсе  
Тел.: +375 (17) 306 54 55/56

**Армения Республикасы**

«Лаборатории Сервье» өкілдігі  
Мекенжайы: 0001, Ереван қ., Северный  
даңғылы 1, «Норд» бизнес орталығы  
Тел.: +374 (10) 505074

**Қосымша парак қайта қаралды**

**Басқа да ақпарат көздері**

Препарат туралы толық мәліметтер Еуразиялық экономикалық одақтың веб-сайтында бар  
<http://www.eurasiancommission.org>